

## Жер участкесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Костанай облысы Костанай қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 11 сәуірдегі № 566 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18-бабының 5-1 тармақшасына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес, "Костанай қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 19 наурыздағы № 140 бұйрығымен бекітілген жерге орналастыру жобасы негізінде Костанай қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Костанай қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Костанай қаласы әкімдігінің "Костанай-Су" мемлекеттік коммуналдық кәсірорнына елді мекендердің жері санатынан "Костанай қаласындағы Базовая көшесінде Д-800 мм өздігінен ағатын канализация коллекторын реконструкциялау. Түзету" объектісі бойынша Костанай қаласы, Базовая көшесі бойынша мекенжайында орналасқан, жалпы алаңы 0,8970 гектар жер участкесіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Костанай қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Костанай қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Костанай қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

M. Жұндібаев